Казахстан – одно из самых молодых в мире государств. И лучшим соратником, другом и оберегом на пути к процветанию, бесспорно, должна стать мудрость наших предков, закаленная непростой жизнью в степи, овеванная ее ветрами. Каждый шаг нашего государства – это тысячи и миллионы шагов наших семей, каждого из нас. От того, что мы вложим сегодня в сердца и умы будущего поколения, будет зависеть и судьба всей страны, всей нации.

Поэтому необходимо вложить максимум усилий, чтобы традиции и несметные богатства нашей истории не канули в Лету, а стали бы основой для нового подрастающего поколения счастливых казахстанцев - тех, кто сможет продолжить славный путь кочевников.

Собирая традиции и семейные ценности, нам хотелось закрепить преемственность различных культур, вновь напомнить о межнациональном согласии, которым славится наша республика во всем мире. Как известно, более идеальной платформы для комфортного сосуществования различных конфессий, религий, народностей и культур на планете Земля еще не было. Поэтому нам необходимо суметь сохранить неповторимую атмосферу братства и единства народов Казахстана. В этом нам помогут знания и мудрость предков, собранная в многовековых обрядах и традициях.

Шолпан СЫЗДЫКОВА,
секретарь Национальной комиссии по делам
женщин и семейно-демографической политике
при Президенте Республики Казахстан,
главный редактор журнала «ОТБАСЫМ»

СӘНГЕ АЙНАЛҒАН «ӘЛЕУМЕТТІК БЕДЕУЛІК»

Заманның көші ілгері жылжыған сайын мүмкін емес дүниенің барлығы қол жетімді болып келеді. Әйтседе, таяқтың екі ұшы барын ескерсек, әрбір жетістік бір құлдыраудың орнын толтырып тұратындай. Мәселен, әлем елдерінің қайғысына айналған бедеулік мәселесін ғалымдар қоғам қажеттілігінің бұрыс таңдауымен түсіндіреді. Есесіне, денеден тыс ұрықтандыру арқылы бұл кемшіліктің де шешімі табылған. Қазақстандықтарды осы жаңалықпен алғаш рет таң қалдырып, қуантқан биология ғылымдарының докторы, еліміздегі Адам Ұрпағын Өрбіту Ассоциациясының президенті Салтанат Байқошқарова 21 жылдан бері қараңғы түнекке батқан жанұяларға қайтадан сәуле сыйлап, олардың ата-ана бақытына қол жеткізуіне себепші болып келеді. Ендеше, толық отбасы болудың маңызы мен денеден тыс ұрықтандыру зертханасының тарихи жетістіктеріне осы еңбектің нағыз майталманымен сұхбат барысында таныса отырсақ.

– Салтанат Берденқызы, дүниеге ұрпақ әкелуді армандаған жандардың нағыз тілекшісі, жанашыры ретінде жиырма жылдан астам уақыт бойы денеден тыс ұрықтандырудың үздік нәтижелерін танытып, ұлттық медицинамыздың өзге дамыған мемлекеттерден кем еместігін мойындатып келесіздер. Бұл жетістіктің шыңырауы қайда жатыр?

– Алғашында бұл саланы тәжірибеге енгізуді қолға алғанымда маған ешкім сенбеді, шыны керек. Өйткені, еліміз еңсесін енді ғана тіктеп жатқан кезеңде жасанды жолмен ұрықтандыру мәселесі исі қазаққа тіптен таңсық дүние болғанын жасырмаймын. Менің бала кезден медицинаға деген ықыласым ерекше болатын. Оның ішінде генетика ағымына қарай мені тағдыр айдап келді десем қаталеспегенім. Өйткені, 7 жылдан бері мен де бала сүю бақытына зәру болғаным рас. Қазақстанның өзінде бедеуліктің құрбаны атанған қаншама жан барын ескере, оларға шын ықыласыммен көмектескім келді. Іштей сұрыпталған бұл мақсатымды орындаудың мүмкін екендігіне жолдасым Батыр Бекмұсаевты ұзақ сендіре алмадым. Кейін Мәскеудегі адам ұрпағын өрбіту орталығының негізін құрған профессор Валерий Здановскиймен танысып, әңгімелескеннен кейін ғана ол мені шын түсініп, өз кәсібінен тапқан-таянғанының барлығын қажетті құрал-саймандарды сатып алуға жұмсады. Есімде, халықтың экономикалық жағдайы мәз емес, жұмыссыздық белең алған шақ. Ал мемлекеттің мұндай жағдайда бізге жәрдемдесе алмағаны сөзсіз. Сондықтан, қаржымыз жетпеген жерде Валерий Здановскийдің емдеу мекемесінен біраз техникалық жабдық алуға да тура келген. Сөйтіп, 1995 жылдың 18 сәуірінде бедеулікті емдейтін «Экомед» орталығын заңды түрде ашып, келесі жылдың 31 шілдесінде ең алғашқы «құтыдағы сәбиіміз» аман-есен дүниеге келді. Қазір ол қыз Англияда оқиды. Ұзын бойлы, сұлу әрі өте ақылды болып өскен. Одан кейін дүниеге келген он мыңнан астам бала біздің көмегімізбен ата-



анасының көз қуанышы болып келеді.

– Жоғары сапа сұранысына сай мамандар дайындау ісі қалай жүзеге асуда?

– Иә, 21 жылдың ішінде біз тек даму жолымен келеміз. Халық біздің еңбегімізді көрді, оң бағасын берді. Сол себепті республиканың барлық облыстарында филиал ашу қажеттілігі күннен күнге арта түсуде. «Экомед»

бедеулікті емдеу орталығының негізі Алматыда қаланса, қазір Астана, Тараз, Шымкент және Атырау қалаларының тұрғындарына есігіміз айқара ашық. Біз тапқан қаражатымыздың көбін білімге жұмсаймыз. Жыл сайын шетелдік мамандардың қатысуымен ғылыми конференция өткізіп, мамандардың біліктілігін шыңдауға жағдай жасаймыз. Өйткені, медицинадағы жаңа ағымдарды біліп отырмасақ, кері қалып қалатынымыз түсінікті. Бастапқыда кеңестік дәуірден бері медицина саласында еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі дәрігерлерді іздесек, қазір ұжымды жастармен толықтырамыз. Заман талабына сай ағылшын тілін жетік меңгерген, жоғары оқу орнын үздік тәмамдаған мамандарды сынақтан өткізіп, лайықтыларын әрі қарай тәрбиелеуге алып қаламыз. Себебі, бұл сала тіс жұлу және ота жасаумен салыстырғанда, ұзақ талдауды, зерттеуді қажет етеді. Сондықтан, білімінен бөлек, біздегі әр маманның бойында шыдамдылық пен төзімділік қасиеттеріне айрықша мән беріледі. Бүгінде 300-ге жуық дәрігер сала тынысын жандандыру үстінде.

– Қазіргі таңда «Экомедтің» көмек көрсетуі қандай сатылардан тұрады?

– Біздің көмегіміздің негізі бедеулікті емдеуден басталады. Емделушілердің ниетіне қарай біреуі алғашқы қабылдаудан кейін, басқасы дәріден немесе отадан соң, болмаса ұрықтандырудың жеңіл түрінен-ақ жүкті болып жатады. Ал медицина тілімен айтқанда, экстракорпоральді ұрықтандыру тәсілі арқылы ең күрделі жүктілік жүзеге асырылады. Оған бір ай немесе бір жыл кетуі мүмкін. Өйткені, әйел затында ұрық ішке бітетіндіктен, олардың ағзасы жұмбақ келеді. Сыры да, жыры да ішінде. Сондықтан, нәзік жандылар жас ерекшелігіне қарай жылына немесе бірнеше жылда бір рет қана бала көтеруі мүмкін. Ал, ерлерде керісінше, бір мезетте бірнеше әйелді жүкті қыла алады. Бұдан бөлек, ер адамдардың бедеулігі тағы бар. Ондайда біз кемінде үш рет талдау (анализ) жасату арқылы ұрықты анықтауға тырысамыз. Сонда да нашар көрсеткіш болса, экстракорпоральді ұрықтандырудың ИКСИ тәсілімен, яғни микрохирургиялық әдіспен ердің ұрық тінінен 8 сағатқа дейін іздейміз. Табылған жағдайда әйелге қатар ота жасай отырып, мәжбүрлікпен ұрықтандырамыз. Табылмаған кезде тек донор қолдану ұсыныстары бар. Сонда біз емделушілердің 95 пайызына қолдан келгенше көмектесеміз.

– Бедеуліктің белең алуына не себеп?

– Бұл әлемді алаңдатқан тақырып болып отыр. Ер мен әйел адамдардың бедеулікке ұшырауына себеп өте көп. Солардың бастысы, экология және өмір сүрудің табиғи тәсілдерінен алыстап кету, биологиялық сағаттардың жиі ауысуынан ағзаның бейімделіп үлгермеуін атауға болады. Сонымен қатар, қазір «әлеуметтік бедеулік» деген бар. Яғни, бала сүюді кейінге шегеру, жүктіліктен тиятын дәрілер және жасанды түсіктер жасатудың салдары да өте жаман. Негізінен, әйелдің ішкі ағзасы қазіргі таңда 6-9 бала босануға арналған. Ал біз бір-екі баламен шектелеміз де, жасанды түсік жасатуды әдетке айналдырып алғанбыз.

Бізге келетін әйелдердің 75 пайыздан астамы жасанды түсік жасатудың тауқыметіне тап болғандар. Бұған қоса, жасы ұлғайған сайын отбасын құрмаған ер мен әйелдер әркіммен жыныстық қатынасқа түсіп, неше түрлі ауру мен індеттерді жұқтырып, қабындырады. Нәтижесінде, ерлерде ұрықтың сапасы азайып, оның жүретін жолдары мен әйелдерде жатыр түтікшелері бітеле бастайды. Кейбір әйелдердің құлағына алтын сырға, дәрігер сенімді түрде бағыттағанда ғана болмаса, жатырға негізсіз ота жасата беру өте қауіпті. Мінекей, осындай себеп-салдардың нәтижесінде бүгін емхананың алдында кезекте тұрған адам қаншама. Өз денсаулығымызға, өмірге ұрпақ әкелу мәселесіне үлкен жауапкершілікпен қарағанымыз дұрыс.

– Халық арасында денеден тыс ұрықтандыру әдісімен туған балалардың денсаулығына күдікпен қарайтындар да баршылық. Тіпті, ол балаларда бедеулік мәселесі бірінші кезекте туындайды деген сыбыс айтылып жүр. Бұған не айта аласыз?

– Жиырма жыл өткеннен кейін осы сұрақ менің алдымнан кесе-көлденең шыға беретін болды. Халыққа мына деректі мысалға келтіріп айтқым келеді. Ең алғаш Англияда Роберт Эдвардс деген ғалым 1978 жылы бұл тәсілді тәжірибеде сәтті жүзеге асыруының нәтижесінде Луиза Браун есімді қыз өмірге келген болатын. Луиза 32 жасқа толғанша 5 миллионға жуық сәби денеден тыс ұрықтандыру арқылы дүние есігін ашқан екен. Сөйтіп, 2010 жылы барлық балалардың денсаулығын ғылыми-зерттеуден өткізіп, оң баға берілгеннен кейін 2010 жылы Нобель сыйлығын табыстады. Яғни, ДТҰ салдары баланы тұқымсыз қалдыратындай дерек анықталғанда, Роберт Эдвардсқа бұл марапат берілмес еді. Мен де Қазақстанға бұл әдісті пайда табу мақсатында емес, бедеуліктің алдын алу ниетімен әкелгенімді тілге тиек еткім келеді.

– «Экомед» емханасының мүмкіншілігі зор болғанымен, қарапайым халық үшін қол жетімділігі қандай?

– Мемлекет жыл сайын республика бойынша 800-ге дейін квота бөледі. Оның әрқайсысы 800 мың теңгеге бағаланған. Бірақ, бұл теңгенің құнсыздануына дейінгі баға. Оның 600 мыңы дәрі-дәрмекке ғана кетіп қалады. Қазір біздің шетелден сатып алатын қажеттіліктеріміздің барлығы екі есе қымбаттап үлгерді. Сонда да халыққа ауыртпашылық түсірмеуге тырысып, біз де көмек көрсету түрлерінің бағасын шарықтатқан жоқпыз. Былтыр 20 жылдыққа арнап 1 жыл бойы тегін немесе жеңілдікпен акциялар ұйымдастырып, жүздеген баланың өмірге келуін қамтамасыз еттік. Ал біздегі әр зертхананы жабдықтау 1,5 миллион долларға дейінгі шығынды қамтитынын ескерсек, қанша қалағанымызбен, халықты тегін қарау мүмкін емес. Адамнан адамды жасап шығару тек Алла Тағалаға тән. Біз тек Құдайдың берген амалын пайдалана отырып, тек себепші болатынымызды ұмытпауымыз керек.

– Рахмет, сырлы әңгімеңізге!

Сұхбаттасқан Ұлжан ШОРАЕВА

«ҚИЯҒА ТАРТҚАН ҚИЛЫ ЖОЛ»

«Отбасым» журналының бүгінгі кейіпкерлері - өмірдің бұралаң жолдарында сағы сынбай, қиын-қыстау кезеңде бір-бірінің жоғын-жоқпап, бағын асырып, отбасылық бақыттың мерейін асқақтатқан Жанұқұловтар отбасы.

Отбасының басты кейіпкері 1942 жылдың 16 сәуірінде дүниеге келген Жанықұлов Есілбек Пірманұлы балалық шағына саяхат жасап, өмірінің түрлі кезеңдері жайлы шер тарқатты. Көпті көрген ағамыз сөзінің басын былай деп бастады:

- Шебер саз балшықты қалай илеп, қалай созса, құмыра солай шығады. Саз құмыраның әдемі, нығыз болуы - шебердің қолында. Сазға сіңген тер, алақанның табы қышқұмырадан көрініп тұрады. Шын шебер түйір топырақтан түйме жасағандай, оған көз тартатын, көңіл тоқтайтын мүсін береді. Адам да сондай. Жақсы не жаман кісі болуы, ақылды не жігерсіз өсуі - бәрі тәрбиеге байланысты. Сазтопырақтың иі қанбаса, қышқұмыраға су тоқтамайды. Балаға берген тәрбие таяз болса, ол да тесік құмыра сияқты. Мұның бәрі өмірдің қағидасы.

- Есілбек ата, тәрбие туралы қандай керемет пікір айттыңыз. Ал өзіңіз қандай отбасында тәрбие көрдіңіз?

- Бір атадан 11 едік. Соғыс пен аумалы-төкпелі жылдар ат төбеліндей аз елге оңай тиген жоқ Бізді қойшы, шерге толы сол бір шежірелі жылдар әкем мен анама ауыр соқты. Олар бізді асырап-бағу үшін не көрмеді? Ұядағы ұл-қызын қанаттандыру кімге де болса оңай шаруа емес еді! Біз де бұғанамыз қатпай жатып, қиыншылықтың дәмін бір кісідей тарттық. Сары ауыз балапандар сияқты бөстекке шашылған бидаймен ашқұрсақты алдайтынбыз. Қара су мен қатқан нанға мәз болған, қайран, балалық шағымыз-ай...

Қазір қарап отырсам, соның бәрі әке-шешеміздің бізге берген тәрбиесі екен. Өз нанын өзі тауып жесін деген шын ықыласы шығар. Содан жаман болған жоқпыз. Жоқтан бар жасадық, барды ұстата білдік. Бізді сол тәлім, сол тәрбие осы күнге жеткізді. Жоққа жасымадық, қайралдық. Барға қанағат қылдық, асып-тасымадық! Өмірдің өзі - ұстахана. Адам баласы қиыншылықты көрген сайын ақ

алмас қылыштай жарқ-жүрқ етеді. Төс пен балғаға түсіп, тауы шағылғанда - қайралады. Әділетсіздікпен бетпел келіп, сағы сынғанда - бекиді. Адам қылыш сияқты. Қайрауы келсе, қара тасты қақ жарады. Иі қанып суарылса, жүзі жасымайтын шын асылға айналады. Ұстахананың қожайыны темірші болса, өмірдің қожайыны - адам. Жігері алмас қылыштай берік жан қара дауылға да қақса қарсы тұрмақ.

- Отбасыңыздың тарихындағы ең есте қалған сәті жайлы айтып берсеңіз?

- Кеңес үкіметі кезінде бізді тың игеруге жіберді. Чемодандарды жинап, біз балаларымызды жетектеп алып, тың игеру жұмыстарына басқа жерге қоныс аудардық. Жаңа үйге алғаш кіргенде, іші қаңырып бос тұр екен. Кемпірім Жақсыгүлдің маған көңілсіз қарағаны әлі есімде. Мен күрсініп терезеге жақындадым. Кенет көліктің дауысы естілді. Әлгі машина терезе алдына келіп тоқтады. Сол сәтте жүзіме күлкі үйірілді. Көліктен улап-шулап достарымыз түсіп жатты: «Есілбек-Жақсыгүл, қоныс құтты болсын! Біз келдік, сыртқа шығыңдар!» деп айқайлайды. Достарымыздың бірі-қой, екіншісі-ұн, үшіншісі-бір қап картоп, май дегендей әр түрлі заттарын ала келіпті. Олардың бәрінің жүзінен қуаныш көрініп тұрды. Сол сәтте отбасым да бар қайғыны ұмытқандай, шат-шадыман болды. Осы жағдай есімнен кетер емес. Достық деген осындай болса керек. Сосын тағы бір сәт бар. Ол менің аяулы анама қатысты. Бірде ол менің басымды сипап, мынадай ақылын айтты: «Есілбек, қарағым, мынаны есіңе сақта! «Кең болсаң, кем болмайсың» - дегені бар. Алдыңа кім қандай шаруамен келсе де, қолыңнан келгенше көмектес. Одан кем болмайсың. Дастарханыңда түк болмаса да, бір шыны шайыңды көппен бірге іш». Бұл насихатын бір күн де ұмытқан емеспін.





– Есілбек ата, Жақсыгүл апамен қалай таныстыңыз? Өмір жолындағы талай қиындықтарды бірге өткеріп, әлі күнге дейін қол ұстасып, жұптарыңыз жарасып өмір сүріп келесіздер. Мұның құпия сыры бар ма?

– Еңбек адамды көкке жеткізеді екен. Қандай жұмыс болса да, аянған жоқпын. Егін еккен диханмен бірге далаға қондым. Мал соңында жүрген малшының қасында болдым. Сол кезде апаларыңды кезіктірдім. «Тең-теңімен» дегендей, біз тағдырлас болдық. Оның аталары 1932-1933 жылдардағы аштықта Қарақалпақ жеріне қоныс аударыпты. Жақсыгүл сонда туып-өсіп, бес жасында әкешесімен бірге елге келген екен. Ол менен екі жас кіші болғанымен даналығы асып тұр. Бір мектепте білім алдық. Менен екі сынып төмен оқыған. Ол кезде Жақсыгүлмен отау құрарымды кім білген?! Тағдыр деген осы. Есейгенде Жылғада табысып, дәм-тұзымыз жарасып, отау тіктік. Мен түздің шаруасын, Жақсыгүл үйдің шаруасын, бала тәрбиесін өз мойнына алды. Осы күні жеткен жетістігімді бәйбішемнің еңбегінен бөле қарай алмаймын. Біз алғашқы жылдары ағамның қолында тұрдық. Балалы-шағалы екі үйлі жан тату-тәтті болатынбыз. Сол ағамнан көрген жақсылығымды екі дүниеде де қайтара алмасымды білемін. Сүйген жарым да өз ісіне адал, еңбекқор адам болып шықты. Балаларды, кәрі шешемді бағу үшін күн қатып, түн жортып жұмыс істедім. Біреудің ала жібін аттап, кісі ақысына, адам еңбегіне қиянат қылған емеспін. Қарғысқа қалған жоқпын, алғыс алсам деп еңбектендім. Өзім оқыған техникумға басшылық қызмет қылдым. Оқушылардан білгенімді аямадым. Жер егуден, шөп шабуға дейінгі дала кәсібінің барлық қыр-сырын үйреттім. Дінмұхаммед Қонаевтың көзін көріп, алғысын алдым. Тәуелсіз көрші үш елдің патшаларының басқосуында, дастарханда бірге болдым. Сол алмағайып күндердің суреті әлі көз алдым-

да... Құдайға шүкір, төккен тер өтелді.

Абырой-мәртебемен қартайып, бейнеттің зейнетін көріп отыруыма Жақсыгүлдің де бір кісідей септігі тиді. Оны жасыра алмаймын. Өткен жылдардың суретіне көз салсам, кейде бір жақсы естелікке жаман естелік көлеңкесін түсіреді. Өмірдің ең қиын сәті анамнан айырылу болды. Анам керемет адам еді, жарықтық!...

– Жақсыгүл Қасымбекқызымен 1966 жылдан бері отау құрып, 5 ұл 3 қыз 25 немере және 2 шөбере тәрбиелеп отырсыздар. Сіздерге қарап, үлгілі отбасының эталонын көріп отырмыз. Қазіргі жас отбасыларға қандай кеңес және насихат айтар едіңіз?

– Әр адам өз өмірінің суретшісі. Қылқалам иесі өмірден түйгені мол, көргені көп болса, оның картинасынан да сол тереңдік байқалып тұрады. Өмірден түйгені аз жанның салған картинасы сәтсіз шығары анық. Өмірде де сондай. Көрген-білгені көп жан жақсы қартайады. Сыйлы-сырлы қарияға айналады.

– Адам өз тағдырын өзі жасайды деген осы. Суретшіге білім ғана емес, тереңдік керек. Тереңдік - кісі өмірінің жүрген жолы, басқан ізінің картинасы. Алла - әділетті. Біз құдіреті шексіз Құдайдың салған суреті сияқтымыз. Жаратушы балалық шағы жоғалып, жастық шағы ұрланған, жігері жасымай, еңбекпен, күреспен ғұмыр кешкен пендесіне ғана төрт құбыласы түгел зейнет сыйлайды екен. Мұндай ұлы картина он сегіз мың ғаламның билеушісі ұлы хақ Алланың ғана қолынан келетін шеберлік. Ондай сұлу да сырлы, әрі жұмбақ, әрі қарапайым сурет салған Алланың құдіретіне мың алғыс!

– Есілбек ата, құнды және пайдалы әңгімеңізге үлкен рахмет. Деніңіз сау, жақындарыңыз әрқашан аман болсын!

Жарас КЕМЕЛЖАН



ӘКЕ ЖОЛЫН ҚУҒАН ҰЛ

Астанада тұратын Шәкеновтар әулеті құрмет пен марапатқа лайық дәрігерлер ретінде көпшілікке танымал. Ата жолын қуып, адам сырқатына дауа іздеуде саналы ғұмырын оқу мен ізденіске, білім мен ғылымға арнаған ұрпақтар сабақтастығының еңбегін бүгінде елеусіз қалдыруға болмас. Елордадағы жарты ғасырдан астам тарихы бар іргелі медициналық оқу орнының түлегі болған ақ халатты абзал жандар әулетінің екінші буыны Абылай Шәкенов бүгінгі жетістіктерін мамандық пен отбасының ортақ құндылығы деп бағалайды.

Абылай Шәкенов 1988 жылы мектепті тәмамдаған соң мамандық таңдауда көп ойланбайды. Кішкентайынан ата-анасының иығына ақ халат жамылып, талай науқасты аурудан арашалаған ерлік әрекеттеріне тәнті болып өскендіктен болар, бозбала медицина саласына бірден бет бұрған. Ата-анасы білім алып, қызмет еткен қазіргі Астана медицина университетіне оқуға қабылданып, болашағынан үміт күттірген студент білікті дәрігер болуға біржола бекінеді және биік мақсаттарға жол түзеді. Адам өміріне деген жауапкершілік артылатын аталмыш мамандықтың салмағын абыроймен арқалау үшін жан-жақты ізденіп, көп оқу керек екенін түсінген Абылай бұл ретте ата-анасын еш уақыт жерге қаратқан емес. Әсіресе, медицинаның ішінде әкесі сияқты хирургияны таңдауын да бір ерлікке балауға болатындай. Теория мен тәжірибенің ұштастығын қажет ететін бұл саланы тереңінен меңгеру үшін кейіпкеріміз екінші курстан бастап жұмысты қатар алып жүруге ұйғарған. Сөйтіп, жедел медициналық көмек көрсететін аурухананың травматология бөлімінде санитар, кейін мейіргер болып түнгі ауысымдарда алмасып жүреді. Осы қарқынмен алты курсты тәмамдап, «хирургия» мамандығы бойынша клиникалық ординатураға түсіп, білімін жалғастырады.

Екі жыл сапалы біліммен толықсыған Абылай Шәкенов 1996 жылдан бастап Травматология және ортопедия ғылыми-зерттеу институтында дәрігер-хирург болып алғашқы ресми еңбек жолын бастайды. Білімді азаматтан қол үзіп қалмау үшін оқу орнының басшылығы шәкіртін «Госпитальдық хирургия» кафедрасының көмекшісі етіп қосымша жұмысқа қабылдауды жөн санайды. Ата-анасының үлгілі өнегесін көріп өскен азамат мамандығына деген сүйіспеншілігін әрі қарай арттыра түсіп, 2000 жылы медицина ғылымдарының кандидаты, 2008 жылы медицина ғылымдарының докторы дәрежесіне өз еңбегімен жоғарылайды. Соған сай кафедрадағы лауазымы да арта түседі. Оның ішінде, 2006 жылы №1 қалалық аурухананың, 2009 жылы Ұлттық ғылыми медициналық орталығының жедел хирургиялық бөлімдерінде жауапты хирург-дәрігер және сол жылы №2 қалалық ауруханасындағы жалпы хирургия бөлімінің меңгерушісі, 2011 жылдан қазіргі

таңға дейін «Астана медициналық университеті» АҚ хирургия кафедрасының меңгерушісі болып қызметін жалғастыруда.

Жоғары білікті дәрігер-хирургтың айтуынша, бұл мамандық гуманитарлық салаға жатады. Сол себепті, жас ерекшелігіне қарамастан, ақ халаттылардың әрдайым оқу мен ізденіс үстінде жүруі заңды құбылыс. Оған себеп, бүгінде медицина бірнеше есеге алға жылжып, тың жаңалықтарымен күннен-күнге таң қалдыруда. Сала тынысын жандандырудағы заманауи технологиялардың қарқыны да қуып жеткізбеуде. Сондықтан, Абылай Шәкеновтың да бұл ретте жетістігі осал емес. Ол алыс-жақын шетелдерге тәжірибе алмасып, кәсіби біліктілігін арттырумен қатар, 70-тен аса ғылыми еңбек пен 2 монографияның авторы. Бүгінде «Денсаулық сақтау саласының үздігі» марапатына ие кейіпкеріміз 20 жылдан астам уақытын ұлттық медицинаны дамытып, дені сау ұрпақ тәрбиелеуге жұмсап келеді.

Медицина ғылымдарының докторы, профессор, жоғары дәрежелі хирург бұл жетістіктері үшін алдымен ата-анасына алғыс айтады. Әкесі Дүйсеннің де атақ-дәрежесі ұлынікімен тең, өмірінің 45 жылын медицина саласын, оның ішінде хирургияны дамытуға арнаған. Анасы да 41 жылдық еңбек жолын әйелдер ауруын емдеп-алдын алумен өткізген білікті дәрігер. Қазір екеуі де құрметті еңбек демалысындағы жандар. Дегенмен, әкесі медициналық университетте әлі күнге дейін білім береді. Өскелең ұрпақты сапалы біліммен сусындатуға әлі де сүбелі үлесін қосып келетіні ұжымға да қуаныш әрі мәртебе. Абылайдан кейінгі қыздары Жанна да аталмыш оқу орнының түлегі, қазір ҚР Ішкі істер министрлігінің әскери-медицинасын басқарады. Кенже ұлдары да медициналық білім алғанымен, еңбек жолы мемлекеттік қызметке қарай ойыстап кетті.

Дәрігерлер әулетінің тағы бір өкілі ретінде Абылай Шәкеновтың жары Ләйләні да ауыз толтырып айтуға болады. Екеуі жалынды жастық шақтың кезінде танысқан. Дегенмен, қыздың жүрегін жаулау үшін кейіпкеріміз 4 жыл үздіксіз күрескенін айтады. Тіпті, Ләйлә оқитын топқа ауысып, махаббатын дәлелдеуге тура келген көрінеді.



Асылы, қос дәрігер отау тігіп, бүгінде төрт перзенттің бақытты ата-анасы атанып отыр. Бір қызығы, Ләйләнің анасы да тегін емес, ол да дәрігер. Үлкендерге қарап, Шәкеновтардың тұңғыш немересі Алуа да биыл медицина университетінің 6 курсына қадам басып үлгерді. Одан кейінгі ару – Әсемнің қызығушылығы экономика саласына ауып, қазір Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті атанып отыр. Кенже қыздары Азель мен үш жасар сері жігіттің болашақта медицина саласындағы ұрпақ сабақтастығын жалғастыратыны немесе жалғастырмайтыны әлі белгісіз. Абылай Шәкенов оларды мамандық таңдауда мәжбүрлемейтінін және кез келген таңдауына қолдау көрсететінін алға тартады.

Абылай Шәкеновтың сөзіне сүйенсек, қазіргі таңда дәрігерлердің «инемең құдық қазғандай» еңбегі қоғамда

жоғары бағаланбайды. Соның салдарынан, олардың беделіне көп нұқсан келеді. Сондай әділетсіздікке ұшыраған кейбір әріптестерінің оқиғаларына іштей өкініш білдіргенімен, бұл жаста мамандыққа өкпелеудің тиімсіздігін үнсіз түсінеді. Есесіне, өзінің біліктілігі мен тәжірибесіне сенімі мықты дәрігер-хирург осы мамандығы арқылы тәуелсіз еліне қандай да үлесін тигізуді көп ойлайды. Ал дені сау ұрпақтың келешегі жолында талмай еңбек етіп жүрген Абылай Шәкенов сынды ақ халатты абзал жандардың мүддесі жолында денсаулық сақтау қызметкерлері салалық кәсіподағы қашанда туын көкке көтеретіні күмәнсіз.

Ұлжан ШОРАЕВА

ЖАЛАУЫ ЖЕЛБІРЕГЕН ЖАС МАМАН

ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің бастамасымен «Еңбек жолы» республикалық байқауына «Өндірістің үздік жас маманы» аталымы бойынша Астана қаласының атынан топты жарып шыққан «Тұлпар Тальго» ЖШС құрастыру цехының шебері Қуаныш Мұқышев еңбекке деген сүйіспеншілігі және жан-жақты ізденімпаздығымен өзге өрендерге нағыз үлгі болып отыр.

Павлодар өңірінің тумасы, 27 жасты енді ғана еңсерген Қуаныш жас болса да, биік мақсаттарға жетудің тура жолымен адал еңбектің көшін бастап келеді. Ол мектептің жоғары сыныбын тәмамдаған соң, қосымша пән ретінде физиканы таңдап, Алматыдағы Мұхамеджан Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясына оқуға түседі. Белді оқу ордасында білім алуды мәртебе санаған Қуаныш оқытушылардың дәрісін асыға тыңдап, өзі меңгеріп жатқан «Көлік, көлік техникасы және технологиясы» мамандығы бойынша білікті маман атануға асықты. Сөйтіп, зымыраған төрт жылдың ішінде жоғары оқу орнын үздік аяқтап, еліміздің жүрегі, болашақ пен жастардың қаласына айналған – ару Астанаға бірден жол тартады.

Әйткенмен, оқуды жаңадан тәмамдаған бозбалаға ешкім есігін айқара аша қоймаған. Себебі, тәжірибесіз маманды тәрбиелеуге кез келген кәсіпорынның аса зауқы соға бермейтіні бесенеден белгілі. Бірақ, жарыққа қарай ұмтылған жастың үміті сөнбей, асылы «Тұлпар-Тальго» зауыты тәжірибесіз жас маманды



3 ай сынақпен жұмысқа қабылдаған. Яғни, бұл 2012 жылдың наурыз айы болатын. Білімді, алғыр, ізденімпаз, қайратты жігітке уақытында демеу көрсеткен ұжым қазір Қуаныштай маманымен мақтанады, марқаяды. Басшылықтың үмітін ақтауда асып озбаса, кемшілікпен көзге түскен емес.

Қуаныштың алғашқы еңбек жолы құрастыру жұмыстарының слесарінен басталып, кейін өнім сапасын бақылаушы маман және қазіргі таңда құрастыру цехының шебері болып жұмыс атқаруда. Мұндағы еңбек жолының алғашқы жарты жылдығынан кейін-ақ еңбектегі үздік көрсеткіштерімен көзге түскен Қуанышты ұжым басшылары Испанияға оқуға жіберіп, біліктілігін арттыруға жағдай жасайды. Бір ай болса да, шетел тәжірибесінен сусындаған жас маман бар үйренгенін сапалы өнім шығаруға жұмсап, еңбегін жандандыра түседі. Кейіпкеріміздің айтуынша, осы баспалдақтардың әрқайсысы өзіндік тәлімін сыйлап, өмірде ыңғайлы орналасу мен мақсат-мүдделерінің қазығын бекітуге септігін тигізуде. Сондықтан, Қуаныш бір жерде аялдап қалмай, дамудың келесі шыңдарына жылжи беретінін алға тартады.

– Кез келген мамандықтың өз қиындығы болады. Сондықтан, әрбір адам өз ісінің шебері болса жеткілікті. Мен техникалық саланы таңдағаным еш өкінбеймін. Бұл нағыз ер азаматтарға лайық мамандық түрі екенін жақсы ұғынамын. Ата-анамның да бұл таңдауыма қолқа тастап, қолдау көрсеткеніне алғысым шексіз. Артымызда өсіп келе жатқан барша жеткіншектерді де еліміздің үдемелі индустриясын дамытып, дамыған отыз елдің қатарына кіру жолында өзіндік үлесімізді қосуға шақырамын, – дейді Қуаныш Мұқышев.

Бүгінде «Тұлпар-Тальго» зауыты 160-тан аса адамды жұмыспен қамтып отырғаны көңіл қуантады. Олардың 60 пайызы жас мамандарды құрайды. Тапсырыс бойынша жылына 150-ге жуық вагон құрастыратын зауыт қазіргі таңда біршама танымалдыққа ие екенін де білеміз. Екі айдың көлемінде құрастырылып шығатын әр вагон дәнекерлеу, көлемі мен өлшемін кескіндеу, сыртқы қорабын бояу, электр қуаты, жарық пен су көздерімен жабдықтау және тағы да толып жатқан кезеңдерден өтетінін және оның бәрін сапалы орындауда көп түрлі маман иелерінің еңбегі жұмылдырылатынын ұмытпаған жөн. Нәтижесінде, орташа есеппен 29 вагоннан тізбектеліп, мамандардың бірнеше айға созылатын түбегейлі тексерісінен өткеннен соң жолаушылар тасымалын ұйымдастыруға жарайды.

Таңертең сүйікті әкесін жұмысқа шығарып салып, кешке үйде асыға күтіп отырған Қуаныштың Кәусар және

Мәриям есімді кішкентай бүлдіршіндері барын айтпай кету мүмкін емес. Тәтті қылықтарымен сүйсіндірген қос сәбидің анасы Жәния екеуі бір мектептің түлегі. Мектептен кейін бірі Алматыға, екіншісі Астанаға оқуға түсіп, жолдары жан-жаққа тарамдалғанымен, 2011 жылы қос ғашықтың тағдыры тоғысып, үлгілі жанұяның шаңырағы көтеріледі. Бүгінде Жәния «Қазақстан» ұлттық телеарнасының білікті журналисі. Техника мен гуманитарлық салалардың астасқан отауында бірлік пен ынтымақ мекен ететіні сырт көзге бірден танылады.

Қуаныш Мұқышев темір құрал-сайманның ортасында жүрсе де, қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Яғни, ұжымның кәсіподақ ұйымы төрағасының орынбасары және «Жас Отан» партиясының белсенді мүшесі.

– Жұмыс беруші мен жұмысшы арасындағы қандай да түсініспеушіліктерді жою мен оның алдын алуда кәсіподақтың рөлі орасан деп айта аламын. Өйткені, қарапайым жұмысшылар өздеріне тиесілі әлеуметтік жеңілдіктер мен құқықтық міндеттерге бей-жай қарап, білмеген соң қолын сілтеп жүре береді. Сондықтан, оларға көмектесіп, ортада жақсы қарым-қатынас орнатуға қызмет етуді өзіме міндет санаймын. Ал қоғамдық істерге араласуым менің негізгі жұмысыма еш кедергі келтірмейді, – дейді кәсіподақ белсендісі.

Жұмыстағы жетістіктері және отбасындағы абыройымен өзгелерге үлгі-өнеге көрсетіп, өңірлік байқауда жүзден жүйрік атанған Қуаныш Мұқышевтың ендігі мақсаты республикалық «Еңбек жолы» байқауында жүлдегер атану. Бастаған ісін сапалы әрі нәтижелі орындауды жастайынан бойына сіңіріп өскен азаматқа байқауда тек қана сәттілік тілейміз!

Ұлжан ШОРАЕВА



Ардақ БАЛАЖАНОВА:

«Анамның көрген түсі өмірімді айшықтады»

Қарлығаштың қанатындай қиылған қас, мөп-мөлдiр тұнық жанары мен бозторғайдың үнiндей әдемі даусымен халықтың көзайымына, сүйiктi әншiсiне айналған Ардақ Балажанованың қазақ сахнасындағы орны ерекше. Халық аузынан қалған ескi өлеңдердi жаңа ғасырдың тыңдармандарына лайықтап, жаңаша өң беру арқылы жас пен кәрiнiң жүрегiнде ұлттық рухты сездiре бiлетiн талант иесiнiң ән таңдаудағы қайталанбас талғамы мен орындаушылық шеберлiгi де ауыз толтырып мақтауға қашанда лайықты. Ендеше, Қазақстанның Еңбек сiңiрген қайраткерi, республикалық Ұлан Президент оркестрiнiң жеке ән орындаушысы бүгiн оқырмандарымен жақынырақ танысатын болмақ.

– Сiздi дәл бүгiнгiдей ұлттық тәрбиеге баулып өсiрген отбасыңыз, өскен ортаңыз жайлы бiле отырсақ.

– Мен Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Сүмбе ауылында – тау етегiнде дүниеге келiп, табиғаттың теңдесi жоқ сұлулығынан шабыт алып өскенiмдi iштей мақтан тұтамын. Отбасында жетi ағайындымыз. Мен солардың екiншiсiмiн. Ата-анамыз – бар саналы ғұмырын шәкiрт тәрбиелеуге арнаған ұстаздар. Әкемiз өз кезеңiнде мектеп директоры қызметiн атқарған, өзi әдебиетшi және өмiрде оқығаны мен тоқығаны көп. Анамыз болса тарих пәнiнен сабақ берген. Мектептегi қаншама түлектi қанаттандырып, ыстық ұядан ұшырғанындай, бiздiң де бiлiмдi, талапты, тәрбиелi болып бүр жаруымызда ата-анамыздың еңбегi орасан деп бағалаймын. Сондай-ақ, ауылда ата-әжемнiң де ұлағатынан тәлiм алғанымызды ұмытуға болмас. Олардың ғибратты және ұлттық мазмұнға бай әңгiмелерi менiң қазiргi болмысымның күретамыры деп айтсам болады. Қазақ қызына тән барлық игi қасиеттердi және кез келген ортада өз ойымды ашық әрi кестелеп жеткiзе бiлудiң қыр-сырын сол кiсiлерден үйренгенiмдi мойындаймын. Осындай төрт құбыласы тең жанұяда дүниеге келгенiм үшiн Аллаға мың шүкiр айтамын.

– Әдетте ұстаздар отбасында тәрбиеленген бала ата-ана жолын жалғап жатады. Ал сiздiң өнерге бет бұруыңызға не себеп болды?







– Менің өнер жолын таңдауыма ең алдымен анамның тілегі себеп болды деп ойлаймын. Өйткені ол кісі маған жүкті кезінде Күләш Байсейітова, Роза Рымбаева сынды дара тұлғаларды түсінде көп көрген екен. Бала кезімнен осы әңгіме құлағыма жатталып қалғандықтан ба, өзімді ойша өнерге қарай итермелей бастадым. Әрі кішкентайымнан үйде ән шырқап жүретінмін. Анам «дауысыңда ерекше иірім бар» деп менің ән айтқанымды жақсы көрді. Алғашында әкем қыз баласына өнер жолы қиын екенін айтып, қарсылық танытқаны бар. Дегенмен, қазір ол кісілер менің үлкен сахнадан өз орнымды тапқаным үшін қуанады, мақтан етеді. Қазақтың бай өнерін күллі әлемге таныту үшін дүниенің төрт бұрышын аралап шықтым. Шетелдегі әрбір сапарымда менің кеудемде патриоттық рух асқақтап, төл өнерімізге деген сүйіспеншілік артып, оны әрі қарай дамыта түсуге шабытым еселене түсетіндей. Екінші жағынан, ұстаздықтың киесі мені айналып өтпеген секілді. Астанаға көшіп келгелі бері Қазақ ұлттық өнер университетінде «Дәстүрлі ән өнері» сабағы бойынша шәкірт тәрбиелеп келе жатырмын.

– Өнердің жолы қиын дегенді айтып қалдыңыз. Бүгінгі жетістіктердің артында қандай сындарлы кезеңдерден өттіңіз?

– Әрине, кез келген жетістікке оңай қол жеткізу мүмкін емес. Әсіресе, тек өзің үшін емес, халық мүддесі мен ұлттық өнерді сақтап, дамытуға қызмет еткен соң үлкен жауапкершілікті сезіну маңызды. Өзім Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында «Халық әні» кафедрасы бойынша кәсіби білім алдым. Ал 1996 жылдан бастап республикалық Ұлан Президент оркестрінде әлі күнге дейін жұмыс істеп келемін. Бұл ұжым менің өнерімдегі қара шаңыраққа айналды десем болады. Он сегіз жасымда бір домбыраны арқалап келген шақтан бері мен бұл жерден өстім, өндім, көктедім. Үрмелі және камералық оркестрлермен жұмыс істеп, үлкен жобаларда әртүрлі жанрдағы әндерді шырқап, тіпті басқа мемлекеттердің елбасыларының алдында қазақ өнерін таныстырып, орыс, түрік, әзірбайжан және татар тіліндегі әндерді репертуарыма қостым. Көпшілік менің жеке орындауымдағы әндерімнің бұрын-соңды естілмегеніне таңданып жатады. Оның сыры мен 1996

жылдан бері халық аузынан қалған әндерді жинаумен айналысып келемін. Оларды заманауи музыкаға қарай иіріп, қазақ әнін әлем музыкасымен ұштастыруға тырысамын. Уақыт ілгері жылжыған сайын әнге деген сұраныс та басқаша болады. Осы орайда біз жеңілдікке салынбай, төл өнеріміздің қаймағын қайта бетіне қарай шығара беруіміз қажет. Осы уақытқа дейін 200-ден аса ән жинаған екенмін. Олардың ішінде жарыққа шықпағаны қаншама. Сондықтан, Тәуелсіздіктің 25 жылдығына тарту ретінде жеке шығармашылық концертімді беріп, онда Президент оркестрінің сүйемелдеуімен халықтың ұмыт болып бара жатқан әндерін жанды дауыста орындап шығуды жоспарлап отырмын.

– Сіздің бағыңызды ашқан қай ән болды?

– Мен атамның «Қара жорға» әнімен танымал болдым деп ойлаймын. Ол әнді мен сол қалпында емес, өзімнің қалауымша өңдеп, қайырма мен шумақтар қоса отырып орындап шықтым. Көп адам мені осы ән арқылы танып-біліп жатады.

– Қоғамда халық әндерін өзгертуге қарсы пікірлер де жоқ емес. Ондай сынға ілігіп көрмедіңіз бе?

– Кей ортада бұл мәселе қызу талқыға түсіп жататынын жасырмаймын. Бірақ, менің әркез айтатыным – халық әндері қазіргідей жазбаша емес, ғасырдан ғасырға тек ауызша күйінде жетіп отырғанын ұмытпауымыз керек. Яғни, бізге жеткенше де қаншама өзгеріске ұшырағанын біз білмейміз. Бастысы, түпнұсқасы бар. Ата-бабаларымыз сан қилы тағдыр жолымен жүріп өткенін ескерсек, кейде жақсы күнді суреттейтіндей сөздерін өзгертуге тура келеді. Әйтпесе, әлі ұрпақ естімеген қаншама халық әні бар. Олардың барлығын біз көне екен деп қоқысқа тастай салмаймыз ғой. Сол себепті халық әндерінің өміршеңдігін сақтау үшін оларды өңдеп, өзгертудің маңызы өте зор деп есептеймін.

– Соңғы кезде сіздің сазгерлік қасиетіңізді де аңғарып жүргеніміз рас.

– Сазгермін деп өзіме атақ-айдар таққым келмейді. Бірақ, қазақ поэзиясындағы шоқ жұлдыздардың өлеңдерін көп оқимын, солардың шығармаларын музыкамен ұштастырып, тың дүниелер тудырып жүрген жайым бар. Арасында толғаулар да шығарамын. Бұрынғы танымал композиторлардың кәсіби білімі болмаса да, тарихи туындыларды қалдырып кеткенін білеміз. Дегенмен, қазіргі заманда сазгер болу үшін музыкалық сауаттылықтың болғаны абзал. Олар алдымен ұлттық музыканы жақсы білу керек деп есептеймін. Сонда ғана қазақ музыкасының алтын қоржынына сапалы әндер еніп, қазақ өнерінің дамуына серпін береді.



– Өз отбасыңыз туралы не айтасыз? Қанша ұл-қыздың анасысыз?

– Жолдасым Марат Хайрушов та өнер адамы, домбыра және үрмелі аспаптарда жақсы ойнайды. Екеуіміз де Президент оркестрінде жұмыс істейміз. Бір саланың мөлдір суын ішіп жүргендіктен, ол менің өнердегі ізденісіме еш уақыт шектеу қойған емес. Қайта қолдау көрсетіп, ақыл-кеңестерін айтып отырады. Өмірде жар таңдауда қателеспегенім үшін өзімді бақытты санаймын. Қазір біз үш перзенттің ата-анасымыз. Үлкеніміз Ақкербез қазір 15 жаста. Осы есіммен аттас халық әнін сүйіп тыңдайтындықтан, қызымыз қазақ аруына сай кербез, сұлу болсын деген ниетпен кезінде солай атағанбыз. Одан кейін Алдияр ұлымыз және 5 жасар Әминамызға мейлінше жақсы тәрбие беріп, үлгілі ата-ана болуға барымызды салып келеміз. Үлкендерім тілді меңгеріп жатыр, тек кішкентайымыз ғана біздің жолды жалғайтын секілді.

– Әңгімеңізге рахмет, өнеріңіз өрлей берсін!

Сұхбаттасқан Ұлжан ШОРАЕВА



ӨМІРІН ӨНЕРМЕН ӨРГЕН ЖАН

Бүгін өнер әлемінде өзіндік орны бар талантты актер, Елордадағы Қалибек Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының кәсіподақ ұйымының төрағасы Жәнібек Мұсаевтың сырлы сұхбатын оқырман назарына ұсынбақпыз. Ендеше қазіргі театр өнері мен сала қызметкерлерінің қоғамдағы рөлі жайлы қаныға отырыңыздар.

– Асқан талғампаздық пен кез келгеннің бағына бұйыра бермейтін табиғи талантты қажет ететін театр саласына Сіз қалай келдіңіз?

– Театр саласы тек шынайы таланттарды ғана іріктеп алатыны рас. Бір қызығы, мен актер болуды бала кезде мүлде армандаған емеспін. Бірақ, өнерден алшақ болмадым да. Нақтырақ айтсам, мен Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданы, Ж.Ералиев ауылында дүниеге келіп, сонда тоғыз жылдық мектепті тәмамдадым. Ауыл жастарын білесіз ғой, кешкі уақытта аулада жиналып, домбыра, гитарамен ауылдың алты ауызы болып ән айтуда алдымызға жан салмайтынбыз. Сол бастамамен Ғани Мұратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық колледжін музыкалық тәрбие бөлімі, баян класы бойынша үздік аяқтап шықтым. Содан кейін білімімді одан әрі шыңдау мақсатында 1997-1999 жылдары Алматыдағы Бауыржан Ибрагимовтың әзіл-сықақ театрының жанынан ашылған эстрадалық мектеп студиясында дәріс алдым. Яғни, театр әртістерінің айналасында жүріп, актер болуға деген қызығушылығым ояна бастады. Студент кезімізде әр жерге басымызды сұғып, ізденіс пен талпынысымызда шек болмайтын еді ғой. Соның арқасында әртістік қабілетімді сынап, театр саласына қарай ойыса бастағанымды өзім де аңғармай қалған секілдімін. Сөйтіп, актер ретіндегі алғашқы еңбек жолымды 1999-2000 жылдары «Керемет» әзіл-сықақ театрында бастадым. Ұзамай ауылға қайтатын болып, ендігі еңбек жолымды Құрманбек Жандарбеков атындағы Жетісай драма театрында жалғастырдым. Өнердің бұл қара шаңырағы алты жыл бойы менің актерлік шеберлігімді шыңдап, кәсіби маман болудың шыңына жетеледі десем артық емес. Сол тәжірибеммен 2006 жылы Астанадағы қазақ театрының еңселі ордасына жұмысқа орналасып, әлі күнге дейін Қалибек Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрында актер болып қызмет атқарып келемін.

– Соңғы қойылымдарыңызды байқасам, Сіз көбінде жағымсыз кейіпкерлердің рөлін сомдап жүрсіз. Мұның себебі неде?

– Иә, көбінде жағымсыз кейіпкерлердің рөлі бұйырып жататыны рас. Бірақ, жағымды рөлдерді де кем сомдамаймын. Театрды тірі өнерге балайды емес пе?! Сондықтан көрермендер қойылымдағы әрбір оқиғаны жүрекпен қабылдайтыны заңдылық. Жағымсыз кейіпкердің бойындағы жаман қасиетті алдымен өзімнің түсініп, оның жағымсыз болуының себебін халыққа көрсетіп, сездірте білсем – ол да үлкен жетістік деп есептеймін. Әрі кезекті қойылымды сахналау алдында актерларды болмыс-бітіміне сай режиссер өзі таңдайды. Бәлкім, менің сырт келбетім, жуан дауысым сондай рөлге сұранып тұратын шығар. Ал біздің басты міндетіміз – режиссер бекіткен рөлге еніп, ешбір боямасыз көрерменді сендіру болмақ. Маңыздысы, шынайы өмірдегі табиғи қалпымызды жоғалтып алмау ғой. Өнер сахнасында сан түрлі образға еніп жатамыз, ал өмір сахнасындағы образымыз мәңгілік деп есептеймін. Сондықтан театрдан тағылым алуға келген көрермендер актердің шынайы өмірдегі болмысын қатар ескереді деп ойлаймын. Ал шынайы өмірде өзімді жаман адаммын деп айта алмаймын, әрине.

– Театр сахнасында жүрген он алты жылдың ішіндегі көңіліңізде ерекше жатталып қалған рөлдерді айта аласыз ба?

– Он алты жылдың ішінде қаншама шығарманың қойылымында ойнадық. Ең алғашқы рөлдерім топтық ойындарда басталғанын білемін. Сөйтіп жүргенімде тұлғам, дауысыма, ойнау қабілетіме қарай режиссер мені байқап, жеке рөлді тағайындаған кездегі қуанышым әлі есімде. Одан кейін театр – өмірімнің өзегіне айналып, жеке тұлғаның кейпін сомдау күнделікті дағдыға айналып кетті. Бұған дейін Ә.Оразбековтың «Бір түп алма ағашында»

Ерғалидың, Исраил Сапарбайдың «Сыған серенада-сында» Барон мен Алеконың рөлі, Ғабит Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш – Баян сұлуында» Қодардың, «Ақан сері – Ақтоқтыда» мылқаудың, Мұхтар Әуезовтың «Қарагөзінде» Жарылғаптың, Әбдіжәмил Нұрпейісовтің «Қан мен терінде» Федоров пен офицердің, Мұхтар Шахановтың «Желтоқсан рухы» драмасында ақынның және өзге де көптеген рөлдерді сомдадым. Олардың әрқайсысы мен үшін ерекше. Өйткені, әр рөлдің сезім-күйі, болмысы, табиғаты біріне бірі ұқсамайды.

– Кәсіподақ ұйымының төрағасы ретінде театр тынысына тоқталып өтсеңіз.

– Қалибек Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының биыл 25 жылдық мерейтойы атап өтілмекші. Тәуелсіздікпен құрдас қара шаңырақ алғаш рет Ғабит Мүсіреповтың «Ақан сері – Ақтоқты» драмасымен өз шымылдығын ашқан болатын. Осыншама жылдар бойы театрда еліміздің және шетелдік авторлардың небір мықты шығармалары сахналанды, небір мықты режиссер мен актерлер ойын көрсетті. Яғни, қазақ халқының барлық құндылығын сақтаған мәдени ошақтың абыройы қашанда биік болған. Әлі күнге бұл биіктік аласарған емес, шүкір.

Мен бұл театрда жұмыс істеп жатқаным 10 жыл болды. Ал кәсіподақтың төрағасы болып сайланғаным бір жылдан асты. Кәсіподақ тізгінін қолыма алған уақытта қатарда тек қырыққа жуық кәсіподақ мүшесі болатын. Бүгінде тынымсыз еңбектің арқасында қатарымыз алпыс адамға жақындады. Бірақ бұл жалпы қызметкерлердің елу пайызына да әлі жетпей тұр. Оның себебін түсіндірер болсақ, жасы үлкен қызметкерлер кәсіподаққа кіру үшін алдымен шипажайға жолдама сұрайды. Жас мамандар болса, кәсіподақты қажет етпейтіндерін алға тартады. Сөйтіп, еңбек құқықтарын сақтандырудан бас тартып жатады. Осындай саяз ойлардың алдын алу үшін біз әркез түсіндіру жұмыстарын жүргізіп тұрамыз. Кәсіподақтың еңбеккер мүддесін қорғаудағы рөлі мен жұмыс беруші тарапынан әлеуметтік жеңілдіктердің қамтамасыз етілуі сынды мәселелерді дұрыс жеткізуді жүзеге асырамыз. Бұл ретте мәдениет, спорт және ақпарат қызметкерлері салалық

кәсіподағының төрайымы Светлана Иманқұлова үлкен жәрдемін беріп тұрады. Білгенімді сұрап, күмән тудырған жәйттарға байланысты ол кісіден қажетті ақпараттар алып тұрамын. Мені кәсіподақ ұйымының төрағасы етіп сайлаған әріптестерімнің сенімінен шығу үшін еңбек заңнамалары туралы білімімді мейлінше тереңдетуге атсалысып келемін. Бұл ретте салалық кәсіподақтың ұйымдастыруымен өтетін оқу семинарларды жіберіп алмауға тырысамын.

– Мемлекет биылдан бастап театр қызметкерлерінің жалақысын 40 пайызға өсіреміз деп уәде берген болатын. Бұл Сіздер үшін қандай да оң өзгерістерін байқатып жатырма?

– Қазіргі таңда әртістердің орташа жалақысы 35-40 мың теңгенің шамасын құрайды. Бүгінгі қымбатшылық заманда бұл бір отбасын асырауға жетпейді, әрине. Яғни, ендігі кезекте театр қызметкерлерінің еңбек өтілі мен дәрежелеріне қарай 11-13 мың теңгенің аралығында жалақысы көбеймек. Алайда, жас әртістердің айлық жалақысында айтарлықтай өзгеріс бола қоймайтын түрі бар. Сондықтан, халық мәдениетін қалыптастыруда күндіз-түні тынбай еңбек ететін әртістердің әлеуметтік жағдайы мәз емес және бұл мәселе әлі де өзектілігін жоғалта қоймас.

– Сұхбатыңызға рахмет, шығармашылықтың биік мінберлерінен көріне беріңіз.

Ұлжан ШОРАЕВА



Жанболат
Жазура



Жос жүректің лүпілі

Өнері мен өмірін бірге ұштастырып, қазақ халқының ұлттық құндылығын ән арқылы жеткізе білген, эстрададағы сұлу да көркем жұптардың бірі Жанболат пен Жазираны бүгінде танымайтын ел кемде-кем. Олардың бір-біріне деген риясыз сезімі мен отбасындағы қарым-қатынас әдеби көпшілікке үлгі екенін майындаймыз. Ендеше, ұлттық махаббат күні қарсаңында жұлдызды жұптың сыршыл сұхбатын оқырман назарына ұсынамыз.

– Біздің оқырмандарымызға алғашқы таныстықтарыңыз жайында айтып берсеңіз. Бір көргеннен сезім тұтанды ма әлде махаббатыңыз достықтан басталды ма?

Жанболат: – Біздің таныстығымыз Жүсіпбек Елебеков атындағы эстрада-цирк колледжінде басталды. Мен екінші курсқа аяқ басқанда, Жазира жаңадан түскендердің қатарында еді. Жатақханадағы жастардың кешкі кездесулерінің бірінде ақ мамық жүзді, сұлу да нәзік, сөзі мен қимыл-әрекеті келісті ару Жазира көзіме оттай басылып, жүрегімде қоңырау шыр еткендей болды. Содан бері оған гитарамен ән айтып, сабақтан кейін шығарып салып, дос әрі аға ретінде қамқорлық жасап жүрдім. Ұнатқан аруымның жүрегін жаулауға бар ынта-жігерімді жұмсадым дегуе болады. Соңында екеуіміз де бір-бірімізге бауыр басып қалған екенбіз. Оқуды бітіре салып, Жазираны ауылға алып кеттім де, ата-анама үйленетінім туралы хабар бердім. Олар той жасап, бізді ақ отау төріне қондырды. Міне, осындай ұзақ достықтан бүгінде берік отбасының иелері болып отырмыз.

Жазира: – Мен бір көргеннен ғашық болдым деп айта алмаймын. Себебі ол кезде мен небәрі 16 жаста болатынмын. Бірақ Жанболаттың үздіксіз қамқорлығының арқасында біздің достығымыз бен аға-қарындас ретіндегі қарым-қатынасымыз іргесі берік махаббатқа ұласты. Бүгінде мен жар таңдауда қателеспегеніме өте қуанамын.

– Сіздердің отасқандарыңызға неше жыл болды? Бұл уақыт аралығында махаббат пен отбасы ұғымдары туралы қандай ой түйіп, көзқарас қалыптастырдыңыздар?

Жазира: – Біздің шаңырақ көтергенімізге 20 жылдың жүзі болған екен. Шыны керек, бозбала мен бойжеткен шақта «махаббат» деген ұғымды тек бір-бірімізді сүйу деп білдік. Отбасы болып өмір сүргеннен кейін махаббаттың ішіндегі басты құндылықтарды жете түсіне бастадық. Мәселен, сыйластық, қамқорлық, түсіністік, шыдамдылық, сабырлылық, төзімділік және бірін-бірі үнсіз ұғу қасиеттерінің барлығы тәжірибеде шыңдала түседі екен. Кейбір жанұялар бір-бірімізге сай емеспіз деген желеумен бірнеше айдан кейін-ақ ажырасып жатады. Менің ойымша, 5-6 жыл бірге тұрмай, бір-бірін толық тану мүмкін емес.

Бастысы, сабырлықтың арқасында махаббатты, жанұяны мәңгі сақтап қалуға болады. Қазір Жанболат екеуіміз бір адамдай болып қалдық. Мысалы, мен ауырып қалсам, жолдасым уайымдамаса екен деп оған деген жанашырлығым басым тұрады. Ерте үйленгеніміздің арқасында нағыз тілекші, сенімді қорғанымыз барын сезіне аламыз. Аллаға шүкір, 20 жылдықтың әлі бесеуін жалғастыруға дайынбыз.

Жанболат: – Махаббат деген Алла тағаланың тіршілікке берген ең асыл ұғымы деп білемін. Менің басты түйгенім, жанұяға жауапкершілікпен қараса ғана шексіз сүйу мен сыйластыққа қол жеткізіп, абыройлы өмір сүруге болады. Ер мен әйелдің басты мақсаты – жарын бақытты етуге бағытталуы тиіс.

– «Әйел ашуланса жеңіледі, еркелесе жеңеді» деген халық арасында мақал бар. Жазира әпке, сіздің бойыңызда бұл екі қасиеттің орны қандай?

Жазира: – Өте жақсы айтылған сөз екен. Пенде болған соң ашуланып қоятын сәттер болады, әрине. Бірақ ашуым ұзаққа бармайды. Енем «әйел адам қу болу керек, сол қулықтарың қайда» деп ұрысушы еді. Бірақ бұл қасиет маған кейде жетіспейді, шынымен. Екеуіміз ренжісіп қалсақ, әрі кетсе екі сағат сөйлеспей қоюымыз мүмкін. Ал бірнеше күн, апталап бір-бірімізге бұртиып, тіл қатпай жүрген кез орын алмапты. Білесіздер ме, дәл осы күні Жанболат маған әкем сияқты болып кетеді. Кейде тәбетім болмаса, ұрысып тамақ ішуге көндіреді, жеңіл киінсем, қайтадан жылы киіндіріп дегендей тым еркелетіп жіберген. Кейбір достарымыз сахнада да неге осылай еркелетпейсің деп сұрап жатады. Сонда Жанболат елдің көзі тиіп кетер деп қалжыңдайды.

– Жанболат аға, жұбайыңызды көбінде қалай еркелетесіз?

– Жазираны еркелетпеу мүмкін емес. Мен оның бойындағы қарапайымдылығы, қонақжай және мейірімділік қасиеттерін жоғары бағалаймын. Үлкенді сыйлап, кішіге ізет көрсете білу әдеби көз сүйсіндіреді. Әсіресе, менің анама деген сый-құрметі ерекше. Тіпті, үйде да жақсы аспазшы екенін айтып өткім келеді (күліп). Осындай пәк болмысы үшін асыл жарымды аппағым,

куыршағым деп еркелетуден жалықпаймын.

– *Сіздерді халық ибалы, биязы мінездеріңізбен таниды. Ал өздеріңізді осындай тәрбиеге баулыған ата-ана, отбасы, шыққан орталарыңыз туралы бір ауыз тоқталып өтсеңіздер.*

Жанболат: – Мен Қызылорда облысы, Арал ауданында дүниеге келгенмін. Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтыттырмай 10 перзентті тәрбиелеп-өсірген ата-анам – өте қарапайым кісілер. Әкем теміржолшы болған, өкінішке орай, мен 1-курс оқып жүргенде пайғамбар жасында дүниеге салды. Содан бері анамыз әке орнын жоқтатпай келеді. Олар бізге біреудің ала жібін аттамай, адал еңбекпен нан тауып, жаманға үйір болмауды үйретті. Бізді осындай дәрежеге жеткізген сол кісілерге рахмет.

Жазира: – Мен де көпбалалы отбасында тәлім алып өстім. Әкеміз ОҚО Арыс ауданында ақындығымен танымал болған. Анамыздың да музыкалық білімі болғанымен, 9 перзенттің тәрбиесімен үйде отырған. Қазір бауырларымның барлығы отбасылы, әртүрлі салада қызмет етеді. Атап айтар болсам, Назира Байырбек есімді сіңлім белгілі қаламгер, журналист, анамның жолын қуып, 8 баланы дүниеге әкелген әпкем Ботагөз қазір ауылда, Сәбира әпкем аспазшы, біздің үйдің көмекшісі, ағам Ербол сазгер, інім Серік жеке кәсіпкер және тігінші, кітапханашы, теміржолшы сынды сан кәсіпті игеріп жүр. Бізді кішкентайымыздан еңбекке баулып өсірген соң, қазір соның жемісін көріп отырмыз деп мақтанышпен айта аламын.

– *Жазира әпке, анаңыздың тәрбиесінен бөлек, осы уақытқа дейін енеңізден не үйрендіңіз, қандай тәлім алдыңыз? Келін мен ене арасындағы қарым-қатынасыңызды қалай сипаттар едіңіз?*

Жазира: – Мен үйде өте ерке болып өскенмін. Әйткенмен, үйленген соң өмірім күрт өзгерді десем болады. Себебі менің енем өте қатал кісі болды. Алғашқы кездері қаталдыққа жаным шыдамай, жылайтынмын. Есесіне, қазір қуанамын. Өйткені мен үшін енемнің тәрбиесі үлкен мектеп болғанын түсіндім. Ол кісі жай-жайдан ешкімге тиіспейді. Қайта 18 жасар жас келінге отбасылық өмірдің заңдылықтарын үйретіп, орынды талаптар қоя білетін. Мысалы, үйде орамал тартып жүрудің маңыздылығы мен қайын ағаларды сыйлаудың дәстүрін сәт сайын санама сіңдіріп отырды. Ауылда бір жарым жылдай тұрып, онда жұмыс болмаған соң нанымызды табу үшін Алматыға жол тартқан болатынбыз. Қазір ауылға барғанда «қызым» деп мені сыйлайды, бірақ мен келіндік міндетімді ешқашан ұмытқан емеспін. Енемнің қиындыққа мойымай, қайсар да ақылды мінезін қашанда үлгі тұтамын. Мен де кейін ене болғанда сол кісінің тәжірибесіне сүйенемін деп ойлаймын.

– *Ұлдарыңыз әжеттеуір ер жетіп қалған секілді. Қасына серік болар бауырының болғанын қалайтын шығар?.. Бүгінде Қазыбектің бағыты қай салаға икемделіп келеді?*

Жазира: – Біздің Қазыбек бүгінде 19 жаста, болашақ заңгер. Баламыз өте салмақты жігіт, ішкі ойын ашылып айта бермейді. Бірақ кейде бауырың болғанын қалайсың ба деп сұрасам, жымияды да, Алла тағала берсе берер, бермесе күпірлік жасауға болмайтынын айтып қояды. Ал былай ешқашан шағым жасаған емес. Кейде достарының іні-қарындастары туралы әңгімелегенде қызығатынын байқап қалатыным бар. Көп жерде көңілімізге тиіп кетер ме деп осы сауалды астыртын сұрап жатады. Бастысы, өзіміз қаламағандықтан жалғыз ұлмен шектеліп қалған жоқпыз, барлығы ұлы Жаратушының қолында ғой.

– *Шығармашылықтарыңызға оралсақ, әншілер дуэті үйленгенге дейін құрылды ма, кейін бе? Тыңдармандарыңызды қуантар қандай жаңалықтарыңыз бар?*

Жанболат: – Біз дәл қазіргідей танымал боламыз деп армандаған жоқпыз. Алматыға кез келген жұмысқа орналасып, күнімізді көру үшін келгеніміз рас. Бірақ өнердің киесі жібермейді деген осы шығар. Дуэт ретінде үйленгеннен кейін ғана ән жаздырып, бастапқыда тек радиоларда шырқалып жүрді. Әндеріміз халық сұранысына ие болып, біздің дауысымызды тани бастады. Бірінші рет үлкен сахнаға Жазираның ағасы Ербол Байырбековтың «Сүйгеніңді бағала» әнімен марқұм Лұқпан Есенов ағамыздың «Тамаша» ойын-сауық театрында шықтық. Біздің келбетімізбен жұрт сонда ғана танысқан болатын. Кейін 2000-2002 жылдары бейнебаян түсіріп, телеарналарға жібердік. Ешбір телеарна бізге құшағын жая қойған жоқ, әрине. Сондықтан, қиыншылықтың біраз сынынан өткеніміз рас. Қазір тыңдармандарды жаңа әндерімізбен қуанту үшін талмай ізденіс үстіндеміз. Басты жаңалығымыз – «Дуэт 7» атты топ құрдық. Екеуі де музыкалық білімдерін шыңдауда. Қолдан келгенше білгенімізді үйретіп, тәрбиелеу үстіндеміз.

– *Жақында сұлулық салонын ашқандарыңызды естідік. Онда өздеріңіздің әріптестеріңізге ғана ма, әлде жалпы қарапайым халық үшін қызмет көрсетіле ме?*

Жазира: – Біздің тапқан табысымыздың негізгі бөлігі сұлулық салонына жұмсалатын. Сосын мен Жанболатты жеке салон ашуға көндірдім. Бірақ бұл табыс табу мақсатында емес, білікті мамандардың басын қосып, қарапайым халықтың қолы жететіндей сапалы қызмет көрсетуді мақсат етеміз. Әрлеуші мамандар табыстың көп пайызын өздері алады. Олар кейде «бағаны көтерейік, сіздерге шығындарды өтеу керек қой» деп өтініш білдіріп жатады. Әйткенмен, бұл менің сүйікті хоббиым ғана деп оларды жұбатамын.

– *Сұхбаттарыңызға рахмет!*



Төзімділікке құрылған қызмет

БҮГІНГІ ТАҢДА РЕСПУБЛИКА БОЙЫНША 7661 МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ТІРКЕЛГЕН БОЛСА, ОНЫҢ 503-І АСТАНА ҚАЛАСЫНДА ОРНАЛАСҚАН. БІЗ МЕМЛЕКЕТТІҢ ТАПСЫРЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫП ЖАТҚАН ЕЛОРДАМЫЗДАҒЫ ЖЕКЕ МЕНШІК БАЛАБАҚШАЛАРДЫҢ БІРІНЕ БАРЫП, ОНДАҒЫ БҮЛДІРШІНДЕРДІҢ ЖАҒДАЙЫ, ТӘРБИЕШІЛЕРДІҢ ЖҰМЫСЫМЕН ЖАҚЫНЫРАҚ ТАНЫСУ ҮШІН БІР КҮН ТӘРБИЕШІ БОЛУДЫ ЖӨН КӨРДІК.

Балабақша басшысы Эльмира Мұхаммедқалиева біздің шығармашылық топты ықыласпен қарсы алды. Мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі Жаңагүлді дәлізде тосып тұрғанымызда, анасының етегіне жармасып, кішкентай қыздың егіле жылап тұрғанына куә болдық. Шамамен 3-4 жастағы бүлдіршінді анасы қанша алдаусыратуға тырысса да, топтың есігінен аттап басуға көнбей жатыр. Жылауын тоқтатар емес. Бүлдіршінді аяп кеттік. Басынан сипап, мейірімге бөлегіміз-ақ келді. Тәрбиешісі әлі келмеген. Көмекшілеріне бұл жағдай таңсық емес көрінеді.

Уақытынан ерте келген бірнеше бала ғана құрбысының қойылымын үнсіз бақылап тұр.

Таңғы сағат 08-00-ден бастап Жаңагүлмен бірге балаларды күтіп ала бастадық. Біз барған топтың балақайлары естияр болғандықтан, бәрі есіктен күлімдеп кіріп, амандасып жатыр. Жиырма алты баланың 17-сі ғана келді. Білгеніміз, күн сайын кем дегенде оншақты бала сабақты жіберіп алады екен. Мұндай жағдайда ата-ана баласының сырқаттануы туралы анықтама әкелсе, айына төленетін 23 мыңнан келмеген күндердің ақшасы міндетті түрде



шегеріледі. Сонда мемлекет төлейтін 15 900 теңгені қосқанда, бір баланың балабақшада тәрбиеленуіне 38 900 теңге жұмсалады.

Ата-аналар балаларын тәрбиешіге аманаттап, сырқаты болса ескертіп жатты. Қырық минуттан кейін күн тәртібі бойынша Әнұран шырқалып, таңғы жаттығу жасалды. Кестеге сай таңғы ас та мерзімінен кешіктірілмеді.

Осы екі арада он жеті бүлдіршін жан-жақтан қаумалап, ұядағы балапандай шуылдай шырылдағанда, оларды сабырға шақыратын амал таппай қалдық. Танымдық әңгіме айтып, алдағы мерекеге орай тақпақ сұрап, әйтеуір тыныштандырудың түрлі жолын іздедік. Тіпті дауыс та көтеріп көрдік. Бірақ онымыздан түк шықпады. Балалығына салынған балалар бөлменің шаңын шығара бастады. Жаңагүлдің араласуына тура келді. Сегіз жылдық тәжірибесі бар, жас та болса екінші дәрежелі тәрбиешінің қатқыл қабағынан бүлдіршіндер сап тыйылды. Жиырма балаға айтқанын тыңдата білетін тәрбиешінің асқан жауапты, төзім мен шыдамдылықты қажет ететін қызметіне осы арада бас иідік.

Кезек оқу пәндеріне келді. Біз «Қоршаған ортаны қорғау» пәні бойынша сабақты жүргізу мүмкіндігіне ие болдық. Балалар сан алуан. Бірі шапшаң, екіншісі момын, үшіншісі бұзық дегендей. Табиғи болмысы сан түрлі балақайлардың алдында зыр жүгірдік. Бәрінің зейінін бағалап, олардың мың түрлі сұрағына жауап беріп үлгергенше қара терге түстік. Бұл жерде ұстаздық біліктілік қажет екенін айтпай-ақ түсіндік.

Түскі ас мезгілі. Граммдап өлшенген тамаққа балалар тоя қоймады. Тағы сұрағандарға қалса бар, әйтпесе бәрі шақтаулы екен. Түскі астан соң балалар екі сағат ұйқыға кетті. Түстен кейінгі уақыт сурет салу, кітап оқу және өзге де шығармашылық еркіндіктерге берілді.

Кешкі 19-00-де ата-аналардың қарасы көріне бастады. Балақайлардың бүгінгі тәртібі, жетістігі мен кемшілігін айтып, олардың әрбір іс-әрекетін баяндап үйлеріне аман-есен қайтардық. Сөйтіп, біз бір күн тәрбиеші рөлінде болып, балалармен жұмыс істудің қыр-сырына қанықтық. Балалардың у-шуына қарамастан, күніміздің оқыс оқиғасыз, сәтті өткеніне қуануға болады. Себебі, Жаңагүлдің еңбек жолымен бөліскенімізде, балабақшада да көңілге кірбің салатын оқиғалардың сирек болса да орын алатынын білдік. Оның айтуынша, бірде ойнап жүріп қолын жарақаттап алған баланың ата-анасы сотқа шағымдануға дейін барған көрінеді. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының қызметі туралы» ҚР Заңының ережелеріне сәйкес, тәрбиеші баланың өмірі мен денсаулығын сақтау, оның қадір-қасиетін, дене, моральдық немесе психологиялық зорлықтың барлық нысандарынан қорғауға тікелей жауапты болып саналады. Осыдан-ақ сырт көзге жеңіл жұмыс болып көрінген тәрбиешінің қызметі жауапкершілік пен үлкен төзімділікті қажет ететін еңбек екенін пайымдауға болады. Ал бүгінде отыз баланың қамын ойлаған тәрбиешілердің орташа жалақысы 50 мың теңгені құрайтыны ойлантатын жәйт.

Ұлжан ШОРАЕВА



Если у Вас есть малыши...

На сегодняшний день проблема дефицита мест в детских садах очевидна. Для разрешения сложившейся ситуации государством предпринимаются различные меры. Вы можете обратиться к услугам мини-центров, либо пока вы и ваш ребенок ожидаете очереди в детсад, вы можете отдать его в частный сад, при этом государство будет оплачивать часть расходов. Последнее стало возможным благодаря государственной программе «Балапан».

Постановка в очередь в детский сад

Для начала напомним, как оформляется очередь в государственный детский сад и когда уже можно подавать документы. При оформлении свидетельства о рождении вашего малыша вы уже можете поставить своего ребенка в очередь в государственный детский сад, которая примерно к трем-четырем годам должна подойти.

Отмечаться об участии в очереди не нужно! При подходе очереди сотрудники управления образования сообщают родителям об освобождении места в детсаду. Если родители по каким-то причинам отказываются отдавать своего ребенка в детский сад, очередь переходит к следующему ребенку, стоящему за ним.

Отслеживать очередь можно по интернету на портале egov.kz при помощи сервиса «Просмотр номера очереди в детский сад».

Для детей, рожденных с 2011 по 2013 годы, поиск осуществляется как по ИИН, так и по дате рождения и фамилии имени.

Поставить в очередь в детский сад можно онлайн через портал электронного правительства www.egov.kz или через мобильное приложение egov.kz, доступное для iOS и Android. Для молодых мам и пап онлайн-способ постановки в очередь особенно удобен, поскольку это можно сделать, не выходя из дома.

Право получения первоочередного места имеют:

- дети инвалидов I и II групп;
- дети, оставшиеся без попечения родителей;
- дети-сироты;
- дети из многодетных семей;
- дети лиц, приравненных по льготам и гарантиям к участникам войны и к инвалидам войны.

Комплектование детских садов, как правило, проходит летом. В мае заканчивается учебный год, в старших группах проходят выпускные утренники, детей отправляют в школу, и оставшиеся места достаются очередникам.

Распределение очереди начинается с 3-летнего возраста ребенка.

Каждый детский сад подает в районный отдел образования сведения о наличии свободных мест. В районном отделе образования существует комиссия, которая укомплектовывает до сентября все детские сады своего района.

Если вы обратитесь в районный отдел после 1 сентября, вас поставят в очередь для получения места уже в будущем году.

В случае переезда в другой город очередь не сохраняется и родителям необходимо будет поставить ребенка в очередь уже в новом городе.

Государственная программа «Балапан»: разделите оплату с государством или детские сады с государственным заказом

Одним из эффективных путей решения проблем дефицита дошкольных организаций является размещение государственного образовательного заказа в частных детских садах.

Если ребенок стоит в очереди в государственный детский сад, то предварительно до подхода очереди есть возможность устроить своего малыша в частный детский сад с государственным заказом (с сохранением места очереди в государственный сад). В рамках госзаказа оплату за воспитание и образование в частном детсаду можно разделить с государством. Из средств республиканского бюджета государство оплачивает стоимость услуг на дошкольное воспитание и обучение за фактическое пребывание детей, а родители проплачивают расходы на питание, а также, по желанию, за дополнительные услуги со стороны детского сада.

Комплектование детей по государственному образовательному заказу осуществляют управления образования городов (районов) в соответствии со списком очередности с соблюдением объективности и прозрачности.

Родителям необходимо самим уточнить наличие места в частном детском саду с государственным заказом. Список частных детских садов, принимающих участие в государственном заказе, формирует акимат, в частно-





сти, комиссия по размещению государственного образовательного заказа в частных дошкольных организациях.

Направления в частный детский сад по госзаказу выдают управления образования. Руководитель частного детского сада заключает с родителем договор, в котором оговорены права и обязанности сторон, а также размер взимаемой оплаты за детский сад.

Детский сад может оказывать дополнительные платные услуги. Дополнительные услуги предоставляются по желанию родителя и на основании его письменного заявления, где родитель перечисляет выбранные услуги. На предоставление дополнительных платных услуг составляется отдельный договор, в котором оговариваются виды услуг, их стоимость и время проведения.

Отказ родителя от пользования дополнительными платными услугами не является поводом для отказа в приеме ребенка в детский сад или для отчисления ребенка из детского сада.

В соответствии с постановлением Правительства РК от 28 мая 2010 года №488 размер государственного образовательного заказа в расчете на одного ребенка и размер максимальной родительской платы для детей, получающих услуги по государственному образовательному заказу, устанавливаются ежегодно решением акима региона.

При этом система оплаты имеет дифференцированный подход и решается местными исполнительными органами в зависимости от региона.

К примеру, в столице нашей республики Астане при устройстве ребенка в частный детский сад по госзаказу оплата со стороны родителей установлена в размере, не превышающем 23 000 тенге. Дотация из бюджета – 15 900 тенге. Дотация перечисляется на расчетный счет детского сада.

Необходимые документы для предоставления в частный детский сад:

- направление, выданное управлением образования города (района), в сельской местности - акиматом;
- паспорт здоровья ребенка;
- справку санитарно-эпидемиологической службы об эпидокружении.

Место в детском саду с государственным заказом сохраняется при отсутствии ребенка в течение месяца по уважительным причинам (болезнь, лечение и оздоровление ребенка в медицинских, санаторно-курортных и иных организациях, предоставление одному из родителей трудового отпуска и оздоровление ребенка в летний период сроком до 2-х месяцев).

Мини-центры как альтернатива детсадам

Проблема дефицита мест в детских садах решается также открытием и работой дошкольных мини-центров по

всей республике.

Принцип работы дошкольных мини-центров основан на комплексном подходе в воспитании и обучении детей в возрасте от 4 до 6 лет и осуществляется в соответствии с общеобразовательными учебными программами дошкольного воспитания, обучения и предшкольной подготовки.

Мини-центры функционируют по гибкому режиму в зависимости от наполненности групп, установленным графиком проведения занятий по категориям учащихся от 2 до 7 раз в неделю, от 2 до 10 часов в день, как в утренние часы, так и во второй половине дня. Группы дошкольного мини-центра открываются в течение учебного года по мере комплектования.

В мини-центры направляют детей дошкольного возраста для получения подготовительного образования к школьному курсу. В управлении образования родителям выдается направление на прохождение общеобразовательного курса по подготовке к школе в мини-центрах. Родители в свою очередь сами находят для своего ребенка подходящий государственный мини-центр.

Виды детских садов:

- ясли-сад (от 1 года до 6 лет);
- детский сад (от 3 до 6 лет);
- семейный ясли-сад (от 1 года до 6 лет);
- санаторный ясли-сад (от 1 года до 6 лет);
- дошкольный мини-центр (от 1 года до 6 лет).

Ясли-сад и детский сад – осуществляются в соответствии с общеобразовательными учебными программами дошкольного воспитания и обучения. Бывают как государственные (получение места в порядке очередности), так и частные (с государственным и без государственного заказа).

При отсутствии в течение месяца по уважительным причинам (болезнь ребенка, лечение и оздоровление ребенка в медицинских, санаторно-курортных и иных организациях, предоставление одному из родителей трудового отпуска и оздоровление ребенка в летний период сроком до 2-х месяцев) место в детском саду сохраняется.

В государственных дошкольных организациях не допускается взимание вступительных взносов за прием ребенка, а также оплаты за сохранение места в случаях длительного отсутствия или пропуска ребенком дошкольной организации.

Санитарно-эпидемиологические требования к объектам воспитания и образования детей и подростков наполняемость групп в детских садах с учетом возраста детей приведены в таблице.

Группы	Возраст	Количество детей
1	2	3
Ясельные: группа раннего возраста первая младшая группа при наличии в группе детей 2-х возрастов	от 1 года до 2 лет от 2 до 3 лет от 1 года до 3 лет	10 не более 20 не более 15
Дошкольные: вторая младшая группа средняя группа старшая группа подготовительная группа при наличии в группе детей любых 3-х возрастов при наличии в группе детей любых двух возрастов	от 3 до 4 лет от 4 до 5 лет от 5 до 6 лет от 6 до 7 лет от 3 до 7 лет от 3 до 7 лет	не более 25 не более 25 не более 25 не более 25 не более 20 не более 20

Семейный ясли-сад (центры развития) – как правило, частное учреждение. Рассчитано на увеличение охвата образованием детей дошкольного возраста.

Семейные ясли-сады бывают:

- адаптационные (для детей от 1 года до 5 лет);
- общеразвивающие (для детей от 3 до 5 лет).

Пребывание детей в таких садах варьирует от неполного до круглосуточного пребывания детей в режиме 5-6-дневной рабочей недели.

Санаторный ясли-сад - оздоровительное, лечебно-профилактическое учреждение для ослабленных, часто и продолжительно болеющих детей дошкольного возраста (от 1 года до 6 лет).

В первую очередь для поступления в санаторный ясли-сад у ребенка должны быть соответствующие медицинские показания. Родителям такого ребенка необходимо обратиться в поликлинику по месту прописки, где проведут дополнительные обследования (сделают общий анализ крови и рентгеновский снимок). Если анализы окажутся положительными или на рентгенограмме будут выявлены диагнозы: тубвираж или гиперергическая реакция, то ребенку дают направление в санаторный детский сад.

В санаторных ясли-садах проводится медикаментозное и физиотерапевтическое лечение, закаливание, лечебная физкультура и массаж в зависимости от диагноза заболевания.

Санаторные ясли-сады бывают дневные и круглосуточные. Медицинские работники оказывают помощь педагогам и родителям в организации индивидуального и общего подхода с учетом здоровья и особенностей развития детей, дают рекомендации о необходимости соблюдения режима в детском саду и в домашних условиях в целях профилактики заболеваний.

Санаторные детские сады находятся на государственном обеспечении и за воспитание, лечение и образование в таких садах родителям платить не нужно. Пребывание в таком детском саду определяется по показаниям, около

Выбор детского сада очень важен для вашего малыша. В детском саду осуществляется социальная адаптация ребенка, укрепляется иммунитет, нормализуется график как сна, так и питания. Детский сад – это первый воспитательно-образовательный этап, который должен пройти каждый ребенок.

www.egov.kz





Білім қояйық

Пәтеріңізді жалға беру: құрысы мен бұрысы

Жылжымайтын мүлікпен байланысты бизнес неғұрлым пайдалылардың бірі. Жылжымайтын мүлікті жалғаумен байланысты мәмілелер әрдайым ерекше назарда. Алайда, осы мәмілелердің барлық қақтысушылары бірдей жылжымайтын мүлік объектілерін жалғауда салық салу қағидастарымен таныс болмауы мүмкін. Өйткені, әрбір отбасының басында артық пәтер бола қалса, оны сатудан гөрі жалға тапсыруды жөн көреді.

Жылжымайтын мүлікті жалға беру үшін ЖК болу міндетті емес

Бірінші кезекте жылжымайтын мүлікті жалға тапсыруға жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлғалар да құқылы. Тіркеу нысаны – патент бойынша ЖК, оңайлатылған декларация бойынша ЖК немесе заңды тұлға - төленуге жататын салық мөлшеріне ықпал етеді.

Жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлға жылжымайтын мүлікті жалға берген кездегі бірінші жағдайды қарастырайық.

Кәсіпкерлік кодекстің 35-бабына сәйкес, заңды тұлға түзусіз жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын жеке тұлғаларды мемлекеттік тіркеу жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеуде ұсынылған орналасу орны бойынша мемлекеттік кірістер органында жеке кәсіпкер ретінде есепке қойылады. Және заңда тұрақты негізде жұмыскерлердің еңбегін пайдаланбайтын жеке тұлға мүліктік табысты алуда жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеуге құқылы делінген.

Өз кезегінде мүлікті жалға беруден алынған табыс жеке тұлғаның мүліктік табысына жатады. Салық сомасы табыс сомасынан 10% құрайды. Бастысы бұл жағдайда салықты жеке табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін 10 жұмыс күнінен кешіктірмей, яғни келесі жылдың 31 наурызына дейін төлеу керек.

ЖК ретінде тіркелу қандай жағдайларда міндетті?

Заңға сәйкес міндетті мемлекеттік тіркеуге тұрақты негізде жалданатын қызметкерлердің еңбегін пайдаланатын, жеке кәсіпкерліктен ҚР заңдарымен жеке тұлғалар үшін белгіленген жылдық жиынтық табыстың салық салынбайтын мөлшерінен асатын мөлшердегі жиынтық жылдық табысы бар жеке кәсіпкерлер жатады.

ҚР Салық кодексінің 157-бабына сәйкес, егер күнтізбелік жыл үшін жылдық табыс мөлшері республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында әрекет ететін 12 АЕЖ құраса, жеке кәсіпкер ретінде тіркелу қажет. Осылайша, егер сіз жалданатын жұмыскерлер еңбегін пайдалансаңыз, сіздің табысыңыз 12 АЕЖ асса, сізге ЖК ретінде тіркелу қажет.

Мүлікті жалға беруде жеке кәсіпкер мынадай салық төлеу және есептеу режимдерін таңдай алады:

– патент негізінде арнайы салықтық режим немесе оңайлатылған декларация негізіндегі арнайы режим.

Егер сіз патент режимін таңдасаңыз, кассалық аппараттың болуы міндетті емес. Оңайлатылған декларация бойынша жұмыс істейтіндер үшін кассалық аппараттың болуы және кассалық чекті беру міндетті.

Салық кодексіне сәйкес оңайлатылған декларация негізінде жұмыс істейтін жеке кәсіпкер табыс сомасынан 3 % салық төлейді. Патент бойынша режимді таңдауда – аударылатын салық сомасы 2 %-ды құрайды.

Егер заңды тұлға жалға беруші немесе жалға алушы болса

Егер жеке тұлға заңды тұлғаға немесе жеке кәсіпкерге мүлікті жалға берсе, онда мүлікті жалға беруден алынған та-

быс салық агентінен жеке тұлғаның табысына жатады және төлем көзінен жеке табыс салығын салуға жатады. Бұнда төлем көзінен салықты есептеу, ұстау және аудару бойынша міндет жеке тұлғаға немесе жеке кәсіпкерге жүктеледі. Салық мөлшері сондай-ақ табыс сомасынан 10%-ды құрайды.

Егер оңайлатылған режим бойынша жұмыс істейтін заңды тұлға болып табылса, онда Салық кодексіне сәйкес (436-б.), табыстан төлемдер 3 % мөлшерінде есептелетін болады. Жалпы белгіленген тәртіпте жұмыс істейтін заңды тұлға үшін жалға беруден түскен табыстарға салықтар 20%-ды құрайтын болады.

	Жеке тұлға	Жеке кәсіпкер		Заңды тұлға	
Таңдалған режим		Оңайлатылған декларация	Арнайы режим	Оңайлатылған декларация	Арнайы режим
Салық сомасы	10%	3%	2%	3%	20%

Салық төлемегені үшін жауапкершілік

«Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» ҚР Кодексіне сәйкес, егер сіз бірінші рет салық есептілігін белгіленген мерзімде ұсынбасаңыз, онда сізге төлету шарасы – «ескерту» қолданылатын болады. Әкімшілік жаза салынғаннан кейін жыл бойы салық есептілігін салық органына ұсынбаған жағдайда, ӘҚБК 206-бабымен 15 АЕК мөлшерінде айыппұл түріндегі әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Салынған әкімшілік айыппұл қаулы заңды күшіне енгеннен кейін 30 күнтізбелік күннен кешіктірілмей төлеуге жатады. Айыппұлды ерікті түрде төлемеген жағдайда, осы қаулы айыппұлды оның еңбекақысынан ұстау үшін жұмыс орнына жіберіледі.

www.egov.kz





Егер де Сіз бетіңіздің жас әрі сау болып сақталғанын қаласаңыз, оған күн сайын белгілі уақыт бөліп отыру керек. Ол үшін қарапайым ережелерді ұстанып, ішкі жан әлеміңізге де мән беріп тұруыңыз қажет.

Ажарлы болудың сырлары

Мамандар бет терісін қалыпты жағдайда ұстап тұру үшін 7 кеңес ұсынады:

- 1 Ұйқы алдында бетіңізді жуып жатыңыз. Себебі адам бетінің терісінде май, косметика, кірлер жиналып қалады. Косметологтардың айтуынша, кір жиналып қалуының себебінен адам бетінде түрлі жаралар пайда болып, тері астындағы минералды заттар мен ауа ету мүмкіндігі азаяды.
- 2 Бетіңізді арнайы косметикалық құралдармен жуыңыз. Сабынмен ғана жуу адам бетінің терісін жансыздандырып, нәтижесінде құрғатады.

3 Жүзіңіздің терісін ультракүлгін сәулелерінен қорғаңыз. Ультракүлгін сәулелер терінің қартаю үрдісін тездетеді. Сонымен қатар қыс мезгілінде де суықтан қорғау үшін SPF факторлары бар арнайы кремдерді пайдаланыңыз.

4 Бет терісінің типіне байланысты крем қолдану – әр әйелдің күнделікті бет күтімі үшін қажетті құрал. Дұрыс таңдалған жоғары сапалы крем – жарқын жүзіңіздің кепілі.

5 Күн сайын теріңіздің ылғалданғанын қалайсыз ба? Оның оңай жолы бар. Күн сайын 6-10 стакан су ішіп отыруыңыз қажет. Шай немесе кофе, шырын емес, тек ауызсу ішу – терінің ылғалдылық деңгейін ұстап отыруына септігін тигізеді.

6 Сабырлы болыңыз! Сіздің күнделікті күтіміңіздің нәтижесін тек 8 аптадан кейін көріп жатсаңыз, көңіліңізді түсірмеңіз. Себебі адам физиологиясындағы өзгерістер екі ай ішінде нәтижесін беретіндігі дәлелденген. Тәжірибелі косметологтың кеңесімен өзіңіздің ерекшеліктеріңізге сай косметика қолданыңыз.

7 Қорытындысында айтарымыз: Сіз өзіңіздің теріңізді күту тым қиын екен деп ойламаңыз. Косметологтардың көмегімен жасалынатын тазалау үрдістері кейде беттің қорғаныш бөлігін жойып тастап, белгілі тері ауруларына ұшыратуы мүмкін.





Золотая Осень

На страницах «Отбасым» уже не раз были представлены наряды от казахстанского модельера Айдархана Калиева. Недавно создатель неповторимого стиля, гармонично сочетающего многовековые традиции казахов с веяниями современной моды, представил очередную осеннюю коллекцию. Считая, что достояние народа, переданное предками, актуально во все времена, наш соотечественник умело вплет национальные мотивы в наряды, сменившие летний look казахстанок. Модель из осенней коллекции Айдархана в вашем гардеробе поможет почувствовать всю прелесть и очарование золотой осени.









КРЕАТИВНЫЕ МАТЕРИАЛЫ ДЛЯ ОБЛОЖЕК:
Flock, Textiles, Nubuk, Witan, Pellaq, Hightouch,
Display materials, Corvon, Selection silk,
Suedel galaxy, Pellaq

КАЧЕСТВЕННО НОВЫЙ УРОВЕНЬ

ИЗДАНИЯ ПОЛНОЦВЕТНЫХ КНИГ И ЖУРНАЛОВ

ПОДАРОЧНЫЕ ИЗДАНИЯ книг
в кожаном переплете, с изысканным украшением (VIP-книги),
в РОСКОШНЫХ УПАКОВКАХ, любыми тиражами

www.dmastana.kz

